

**Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті**  
**Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеғен**  
**6B01740 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен**  
**әдебиеті» мамандығының білім беру бағдарламасына**

## ПІКІР

Жоғары білім беретін «6B01740 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» бақалаврына арналған білім беру бағдарламасы аталған бақалаврдың Типтік оқу жоспарына, жоғары білім (бақалавриат) бақалаврдың классификаторына, педагогтің кәсіби стандартына, Еуропалық біліктілік шеңберінде келісілген Дублиндік дескрипторларына, Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына (оқыту қазақ тілінде) және ПМПУ академиялық саясатына сәйкестендіріліп әзірленген.

*Берілетін дәреже:* «6B01740 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша білім бақалавры. Білім беру траекториясы – Әдіскер педагог/Тілтанушы.

Білім беру бағдарламасын жасау барысында негізгі шарттар мен әзірленуіне қойылатын талаптар сақталған. Бағдарламаның негізгі мазмұнын теориялық оқыту, кәсіби практика, диплом жұмысын қоса орындайтын ғылыми зерттеу жұмысы құрайды. 6B01740 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» бақалаврын бітірген түлек 7M01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша магистратурада білімін жалғастыра алады. Оқытудың екі деңгейіндегі байланысты постrekвизиттер мен пререквизиттерден байқауға болады.

Білім беру бағдарламасында оқытылатын пәндер логикаға сәйкес, жеңілден күрделіге қарай қысынды құрастырылған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасынан бір ерекшелігі – «Салғастырмалы грамматика» пәнінің оқытылуы. Бұл – осы мамандыққа қажет пән. Сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің ұсынысымен енгізілген «Шығармашылық жазба жұмыс негіздері», «Абайтану», «Грамматикалық сауаттылық негіздері» пәндері жұмыс берушілермен жүргізілетін жұмыстың онды нәтижесін көрсетеді. Бұл пәндер студенттерге оқушылармен ғылыми жұмыстар жүргізуінде негізін қалауға (шығарма, эссе, мақала жазу, ғылыми жобаларға дайындау т.б.), әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі, ұлы ақын Абайды терең әрі жанжақты танып білуге негіз болады.

Білім беру бағдарламасында болашақ ұстаздардың әдіскерлік қырын қалыптастыру мақсатында практиканың түрлері ұтымды алынып («Оқу (тәнису)», «Педагогикалық», «педагогика-психологиялық», «өндірістік-педагогикалық», «оқу (тілдік, фольклорлық)»), әдістеме пәні «Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Орыс тілді мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» деп жеке қарастырылған. Бұл – ұтымды қолданыс.

Қорыта келгенде, 6B01740 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ мен әдебиеті» оқыту нәтижелерін, қалыптастарын құзіреттіліктерді,

қалыптастырып, білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге, ой өрістерінің кеңеюіне ықпал жасайды.

Әдебиет саласының барлық түрі бағдарламада оқытылғанмен, оларға бөлінетін сағаттық көлем шығармаларды талдауға, оқытушымен бірге саралауға шектеу жасайды.

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі кез келген саладағы білім алушылардың оку сауаттылықты арттыруға негізделген «Грамматикалық сауаттылық негіздері» пәнінің енгізілуі. Бұл – мамандықты игерген мұғалімнің мектепте окушыларға қай қырынан тілдік дағдыны арттыру қажеттігін, оку сауаттылығын қалай оқыту керектігін білуіне негізде болады.

Содай-ақ, тілдік саланы «Қазіргі қазақ тілі (I)», «Қазіргі қазақ тілі (II)», «Қазіргі қазақ тілі (III)» т.б. деп топтастыруды, әдебиеттегі («Қазақ әдебиеті (I)», «Қазақ әдебиеті (II)», «Қазақ әдебиеті (Y)») дегендердің барлығын алып тастап, кезең-кезенмен атап қайтарылған.

Жалпы алғанда, біз, жұмыс беруші мекеме ретінде, талқыланып отырған «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Білім беру бағдарламасының өте сауатты және мазмұнды, қазіргі білім беру жүйесінің моделін ұстана отырып құрастырылғанын баса атап өткіміз келеді.

**«Торайғыров университеті» КеАК  
ф.ғ.к., филология кафедрасының  
профессоры**



**Б.Қ.Қапасова**

|  |                      |
|--|----------------------|
| «Торайғыров университеті» коммерциялық әмес акционерлік қоғамы |                      |
| жолын раставмын  |                      |
| подпись  | Капасов Е.Ж. заверяю |
| HR-қызметі   |                      |
| Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»   |                      |